

## Юбилейные даты

---

### АСЫЛБЕК Мәлік-Айдар Хантемірұлы – 85 жаста

**Аса құрметті Мәлік-Айдар Хантемірұлы!** Қазақстан Республикасының Ұлттық ғылым академиясы Төралқасы Сізді мерейтойыңызбен – 85 жасқа келуіңізбен шын жүректен құттықтайды!

Сіз өмір жолыңызды Шымкент мұғалімдер институтын және Қазақ мемлекеттік университетінің тарих факультетін үздік дипломмен бітіргеннен соң ауыл мұғалімі қызметінен бастап, Ш. Ш. Уәлиханов атындағы Тарих, археология және этнография институтымен байланыстырып, ғалым болып қалыптасудың барлық баспалдақтарынан өтіп, тарих ғылымдары саласында жемісті ғылыми-зерттеу жұмыстарын жүргізіп, табиғи дарындылығыңыздың және еңбексүйгіштігіңіздің арқасында Қазақ КСР Ғылым академиясының Қоғамдық ғылымдар бөлімшесінің ғылыми хатшысы мен Тарих, археология және этнография институты директорының орынбасары қызметтерін атқара отырып, аталған саланың қыр-сырын жақсы меңгерген, еліміздің ғұлама ғалымдарының біріне айналдыңыз.



Сіздің «Қазақстанның жұмысшы табының индустриялық кадрларының өсуі (1946-1965 жж.)», «Қазақстандағы әлеуметтік-демографиялық процестер (1917-1980 жж.)» (Алматы, 1991) «Қазіргі Қазақстанның демографиялық процестері», екі томдық «Советтік Қазақстан жұмысшы табының тарихы», «Қазақстан тарихы. Очерктер» (Алматы, 1993-1994 жж.), «Қазақстан тарихы» (ағылшын тілінде, 1998 ж.), бес томдық «Қазақстан тарихы» (2010 ж.) сияқты іргелі еңбектеріңіз әлемдік ғылымда құнды мұра болып саналады.

Сіздің тікелей басшылығыңызбен Қазақстанның индустриалық, әлеуметтік-демографиялық және саяси дамуының өзекті проблемалары ірі тарихнама проблемаларымен тығыз байланыста қарастырылып шешімдерін тапқан. Индустриялық қайта құрулардың, әлеуметтік-демографиялық дамудың мән-мағынасын ашып-талдау еліміздің жалпы тарихымен тұтастай байланыста қарастырылған. Сіз Қазақстанда халық өсуінің өзекті проблемаларын жете зерттеуде көптеген маңызды, табанды әдістанымдық ережелерді қалыптастырдыңыз. Сіздің тарихтағы «ақтаңдақтарды» толықтыруға да қосқан үлесіңіз орасан зор.

Сіздің қаламыңыздан 350-ден аса ғылыми еңбек, оның ішінде 15 монографиялар жарыққа шықты, Сіздің тікелей жетекшілігіңізбен 12 докторлық және 50-ден астам кандидаттық диссертациялар қорғалды.

Сіздің ғылым саласындағы көрнекті еңбектеріңіз жоғары бағаланып, «Қазақстанның еңбек сіңірген ғылым және техника қайраткері» құрметті атағына ие болдыңыз, ҚР Ұлттық ғылым академиясының академигі болып сайландыңыз.

*Аса құрметті Мәлік-Айдар Хантемірұлы, 85 жылдық мерейтойыңызбен құттықтай отырып, Сізге, отбасыңызға мол бақыт, зор денсаулық, ұзақ ғұмырлы өмір және зор шығармашылық табыстар тілейміз!*

*Қазақстан Республикасының  
Ұлттық ғылым академиясының Төралқасы*